

**Балқаш қаласы және Саяқ, Гүлшат кенттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 20 наурызыдағы № 12/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 5255 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы", 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Зандарына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Балқаш қаласы және Саяқ, Гүлшат кенттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.
2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары С.Ж. Жаксылыковаға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

A. Ағлиулин

Балқаш қаласы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

қосымша

**Балқаш қаласы және Саяқ, Гүлшат кенттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

## **1-тaraу. Көтермеледің түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықа беру.

## **2-тaraу. Көтермеледің тәртібі**

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелері Балқаш қаласы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қалалық ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) отырыстарында қаралады.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға аумақтық полиция органдары енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес қосымша аумақтық полиция органы бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарды көтермелеу шараларын аумақтық полиция органдары салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

### **3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері**

8. 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ақшалай сыйақы бюджеттік заңнамаға сәйкес төленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК